

**Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжі
«Химия-технология» бөлімінің кезекті отырысының**

№10 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар саны: 15
Өткізілген уақыты: 08.01.2025ж
Өткізілген орны: 119 каб

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясын іске асыру және «SANALY URPAQ» жобасы туралы жұмыс жоспары.
2. «Таза сессия – 2025» акциясы туралы
3. Студенттердің сабаққа қатысуы мен тәртібі.
4. Әр түрлі мәселелер.

Сөз сөйледі:

Бөлім меңгерушісі А.Бегжанов ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясын іске асыру және «SANALY URPAQ» жобалық кеңесімен әзірленген кешенді жұмыс жоспарына сәйкес Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы және «Таза сессия – 2025» акциясы туралы колледж директорының бұйрығымен таныстырды.

Жиналыс барысында бөлім меңгерушісі ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі бойынша педагогикалық құрамды «Таза сессия - 2025» акциясын ұйымдастыру бойынша атсалысуға шақырды. Сонымен қатар, академиялық адалдық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша және ҚР «Білім туралы» Заңының 51 бабының 7,8 тармақтарына сәйкес педагогтердің әдеп қағидаларын сақтау, білімалушылардың, ата-аналардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі туралы, колледж қызметкерлері мен оқытушыларға түрлі себептермен мерекелік іс-шараларға ақша жинау және тағы басқа мақсатта ата-аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесі айтылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс-қызметінің мүшесі Г.Алжанова өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа жол

бермеу туралы колледж директорының бұйрығы орындалмаған жағдайда барлық қызметкерлер қатаң түрдегі тәртіптік жаза мен атқарып отырған лауазымынан босатуға дейінгі шаралар қолданылатындығын ескертті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Таза сессия - 2025» акциясын ұйымдастыру барысында 06 қаңтар мен 17 қаңтар күндер аралығы сессия кезінде комплаенс қызметінің мүшелері сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жұмыс жүргізетіндігі айтылды. ҚР «Білім туралы» Заңының 63 бабын басшылыққа ала отырып, студенттерден заңсыз ақшалай қаржы жинаудың алдын-алу қатаң тиым салу және академиялық адалдық мәселелері талқыланды.

Келесі мәселе бойынша студенттер сабақтан себепсіз қалған жағдайда топ жетекшілері тікелей ата – анасымен хабарласып байланыста болатынын оқушыларға ескертілді.

Колледждің ішкі тәртіп ережесі бойынша сабақтан себепсіз қалмау, сабаққа кешікпей уақытылы келу керектігін күнделікті айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар І жарты жылдықтың аяқталуына жақын қалуына байланысты бағалар жинағы, стипендиялық хаттамаларды уақытылы өткізуді ескертті. Сынақ кітапшаларына бағалардың толық қойылғандығын қадағалауды тапсырды.

Хатшы:

Бөлім меңгерушісі:



А.Айнаходжаева

А. Бегжанов

